

**"Шикі мұнай мен мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету баждары туралы
" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы № 1036
қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 321 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31
желтоқсандағы № 1598 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1598 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шикі мұнай мен мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету баждары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы № 1036 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 38, 533-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыда қосымшада:

«2709 00 900 9 Шикі мұнай 40» деген жол жаңа редакцияда жазылсын:

«2709 00 900 9 Шикі мұнай 60».

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінің Хатшылығын Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*